

**"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 98 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 10 наурыздағы № 89/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 наурызда № 20108 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 98 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізімінде № 10029 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтері комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрінің  
2020 жылғы 10 наурыздағы  
№ 89/НҚ бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2014 жылғы 20 қарашадағы  
№ 98 бұйрығымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу тәртібін және оның құрылымын айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтер жиынтығын көздейтін мемлекеттік қызметті көрсету нысаны;

2) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

3) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сыныпталған тізбесі;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы пилоттық жоба (бұдан әрі – пилоттық жоба) – перспективаларын зерттеу, талдау және тәуекелдерді барынша азайту мақсатында мемлекеттік қызметтер көрсету саласында жаңа тәсілдерді енгізу;

7) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

8) проактивті көрсетілетін қызмет – қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша білетін, қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алу субъектісінің ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы берілген келісімі міндетті түрде қажет болатын, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет.

3. Тізілімді жүргізудің негізгі міндеті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді анықтау және тізілімге енгізу, көрсетілетін қызметті алушылар үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру болып табылады.

4. Тізілімді жүргізу мақсаттары:

1) көрсетілетін қызметті берушілер қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыру;

2) көрсетілетін қызметті алушылар үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтердің ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді есепке алу және талдау.

5. Тізілім мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленеді.

## **2-тарау. Тізілімді жүргізу тәртібі**

6. Тізілімді жүргізу тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау тұрғысынан талдау;

2) жүргізілген талдау негізінде тізілімге енгізуге жататын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесін айқындау;

3) анықталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді тізілімге енгізу;

4) тізілімге оның мазмұнын өзектілендіру (жаңарту) тұрғысынан мониторинг жүргізу;

5) тізілімге енгізілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді өзектілендіру (жаңарту).

7. Тізілімге енгізу үшін мемлекеттік көрсетілетін қызмет мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) мемлекеттік органдардың жекелеген функцияларын іске асыруға бағдарланған болуы;

2) дара тәртіппен жүзеге асырылуы;

3) көрсетілетін қызметті алушының өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылуы;

4) көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағдарлануы.

8. Тізілімді жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

9. Тізілімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін орталық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар:

1) тізілімдегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерге жыл сайын түгендеу жүргізеді;

2) уәкілетті органға Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды және (немесе) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге толықтырулар енгізу жөніндегі мәліметтерді ұсынады.

10. Уәкілетті орган тізілімді басшысының немесе оның міндетін атқаратын тұлғаның бұйрықпен бекітеді және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган және мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

### **3-тарау. Тізілімнің құрылымы**

11. Тізілім Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша әзірленеді.

12. Тізілім:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын;

2) көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметті (жеке және (немесе) заңды тұлға); мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні әзірлейтін орталық мемлекеттік органның атауын; көрсетілетін қызметті берушінің атауын;

3) өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдардың атауын және/немесе мемлекеттік қызмет электрондық нысанда көрсетілген жағдайда, "электрондық үкіметтің" веб-порталын және ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы көрсетуді;

4) мемлекеттік қызметті көрсету нысанын (электрондық (толық немесе ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде/ проактивті/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін);

5) мемлекеттік қызмет көрсетудің ақылы не тегін болуын;

- 6) пилоттық режимнің болуы туралы мәліметтерді көздейді;  
7) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің атауы.

13. Тізілім сыныптамасы:

- 1) қоғамдық қатынастар саласына байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің топтамасын білдіретін бөлімдерден;  
2) көрсетілетін қызметті алушының өмірлік жағдайына байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің топтамасын білдіретін кіші бөлімдерден;  
3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің реттік нөмірлерінен тұрады.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметке тізілім сыныптамасының барлық деңгейдегі кодтарынан қалыптастырылатын цифрлық белгілер түріндегі сегізмәнді жеке сыныпталған код беріледі.

Сыныпталған код үш бөліктен тұрады:

- 1) бірінші бөлік – 3 цифрдан тұрады және қоғамдық қатынастар саласындағы бөлімді білдіреді;  
2) екінші бөлік – 2 цифрдан тұрады және көрсетілетін қызметті алушының өмірлік жағдайына байланысты кіші бөлімді білдіреді;  
3) үшінші бөлік – 3 цифрдан тұрады және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші бөлім ішіндегі реттік нөмірін білдіреді.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызметке сыныпталған кодты уәкілетті орган береді.

16. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінің сыныптамасы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

Мемлекеттік көрсетілетін  
қызметтер тізілімін  
жүргізу қағидаларына  
1-қосымша

## **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар нысаны**

Р/с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
1	2	3	4	5

Мемлекеттік көрсетілетін  
қызметтер тізілімін  
жүргізу қағидаларына  
2-қосымша

## **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар нысаны**



## Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінің сыныптамасы

Бөлім	
	Ішкі бөлім
	Атауы
001	Құжаттау
00101	Жеке басты куәландыратын құжаттарды/анықтамаларды және мәртебені алу
00102	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес құқықтарды қамтамасыз ететін құжаттарды алу
002	Жеке тұлғалар мен азаматтарды тіркеу
00201	Жеке тұлғаларды тіркеу/ мәртебесін, тұрғылықты жерін, Т.А.Ә. және басқа деректерін ауыстыру
00202	Шетелде болу
00203	Қазақстан Республикасына келу
003	Жеке және заңды тұлғаларды тіркеу
00301	Жеке және заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
004	Отбасы және балалар
00401	Отбасын құру
00402	Туу, қамқоршылық және бала тәрбиелеу
00403	Балаға білім беру және бос уақыт
00404	Баланы бағу және қамтамасыз ету
005	Мүлік және зияткерлік меншік құқығы
00501	Жылжымалы мүлік
00502	Жылжымайтын мүлік
00503	Зияткерлік меншік
00504	Мүлік және зияткерлік меншік құқығы саласындағы басқа мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
006	Денсаулық, медицина және денсаулық сақтау
00601	Медициналық көмек
00602	Денсаулық сақтау саласындағы рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
00603	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы
00604	Денсаулық, медицина және денсаулық сақтау саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
007	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
00701	Халықты жұмыспен қамту
00702	Халықты жұмыспен қамту саласында рұқсат құжаттарын беру
00703	Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру
00704	Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау
00705	Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер

00706	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
008	Білім және ғылым
00801	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
00802	Білім және ғылым саласында рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
00803	Білім және ғылым саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
009	Бизнес және кәсіпкерлік
00901	Бизнестің немесе жеке кәсіпкерліктің басталуы
00902	Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлғаның қызметінің тоқталуы
00903	Белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
00904	Өнімдердің жекелеген түрлерін өндіруге рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
00905	Өнімдердің жекелеген түрлерін сатып алуға, өткізуге және сақтауға (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
00906	Кәсіпкерлік қызметті қолдау
010	Туризм
01001	Туризм саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
011	Көлік және коммуникация
01101	Автомобиль көлігі
01102	Әуе көлігі
01103	Теміржол және су көлігі
01104	Көлік және коммуникация саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
012	Қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін, табиғи ресурстарды қорғау
01201	Қоршаған ортаны қорғау
01202	Су ресурстарын пайдалану
01203	Орман ресурстарын пайдалану
01204	Жануарлар дүниесін пайдалану
01205	Жер қойнауын пайдалану
013	Ауыл шаруашылығы
01301	Ауыл шаруашылығы саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
01302	Ауыл шаруашылығы саласында рұқсат құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
014	Өнеркәсіп, индустрия және технология
01401	Отын және энергетика
01402	Технологиялар
01403	Өнеркәсіп, индустрия және технологиялар саласындағы рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
01404	Өнеркәсіп, индустрия және технологиялар саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
015	Мұнай-газ саласы
01501	Мұнай-газ саласындағы рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)



	01502	Мұнай-газ саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
016		Салықтық әкімшілендіру, бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп, аудиторлық қызмет
	01601	Салықтық әкімшілендіру
	01602	Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік
	01603	Аудиторлық қызмет
017		Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау
	01701	Банктер қызметі саласында рұқсат беру құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
	01702	Зейнетақы қорларының қызметі саласында рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
	01703	Сақтандыру қызметтері нарығы саласында рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
	01704	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
018		Кеден ісі
	01801	Кеден ісі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
019		Қауіпсіздік, қорғаныс және сот әділдігі
	01901	Қауіпсіздік, сот әділдігі және қорғаныс саласында рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
	01902	Қауіпсіздік, сот әділдігі және қорғаныс саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
020		Бәсекелестікті қорғау
	02001	Бәсекелестікті қорғау саласында өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
021		Дін
	02101	Дін саласында өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
022		Жер қатынастары, геодезия және картография
	02201	Жер қатынастары
	02202	Геодезия және картография
023		Мәдениет, ақпарат және байланыс
	02301	Байланысты ұйымдастыру және ұсыну саласында рұқсат беру құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
	02302	Ақпарат
	02303	Мәдениет
024		Төтенше жағдайлар
	02401	Төтенше жағдайлар саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
025		Дене шынықтыру және спорт
	02501	Дене шынықтыру және спорт саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
026		Сәулет-қала құрылысы қызметі
	02601	Сәулет-қала құрылысы саласында рұқсат ету құжаттарын беру (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда)
	02602	Сәулет-қала құрылысы қызметі саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
027		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
	02701	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

028	Сыртқы саясат және шетел істері
02801	Сыртқы саясат және шетел істері саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
029	Табиғи монополияларды реттеу
02901	Табиғи монополияларды реттеу саласындағы өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
030	Мемлекеттік қызмет
03001	Мемлекеттік қызмет саласындағы басқа мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
031	Басқа
03101	Ғарыш кеңістігін пайдалану
03102	Апостиль қою
03103	Статистикалық ақпаратты ұсыну
03104	Мемлекеттік кәсіпорындар және мемлекеттік меншік
03105	Анықтамалар беру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК